


# МАШИНОСТРОЕНИЕ Январь – 2023 г.



**211,9** МЛРД ТГ.



**112,1%** ИФО



- Производство компьютеров, электронного и оптического оборудования
- Производство электрического оборудования
- Производство машин и оборудования, не включенных в другие группировки
- Производство автомобилей, прицепов и полуприцепов
- Производство прочих транспортных средств
- Ремонт и установка машин и оборудования

**\$3,7** МЛРД



**ЭКСПОРТ**



**РЫНОК**


**\$19,8** МЛРД



**ИМПОРТ**

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-декабрь 2022 г.

## ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ 2023 Г., МЛРД ТЕНГЕ



## 2023 жылғы қаңтардағы машина жасау саласының көрсеткіштері

ҚР машина жасау саласы өнімі **өндірісінің көлемі** 2023 жылғы қаңтарда 2022 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 42% өсіп 211,9 млрд теңгеге жетті.

Машина жасау өнімінің ФКИ 2023 ж. қаңтарда 2022 жылғы қаңтармен салыстырғанда 112,1% құрады. Физикалық көлем индексінің төмендегі көрсеткіштері төмендегі секторларда қол жеткізілді:

*электр жабдығы өндірісінің ФКИ (87%).*

*басқа да көлік құралдары өндірісінің ФКИ (48,5%),*

*басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдықтардың ФКИ (105,3%).*

*Компьютерлер, электрондық және оптикалық жабдық өндірісінің ФКИ (129,6%),*

*автомобиль, прицеп және жартылай прицеп өндірісінің ФКИ (127,5%).*

Машина жасау өнімінің **экспорты** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда реэкспорт өнімін (телефондар, турбореактивті қозғалтқыштар, ұшақтар және т.б.) қоса алғанда ақшалай көріністе **3 758,5 млн АҚШ долл. құрап**, 92,1% өсті.

Барлық секторларда номиналды көріністе елеулі өсуді байқауға болады.

Деректерді өңдеу орталық блогы, клавиатура және дисплейден тұратын салмағы 10 кг артық емес портативті цифрлық есептеу машиналары *10,7 есе*, түрлі түсті телевизия байланысына арналған қабылдау аппараты *6,5 есе*, тек ұшқын тұтануы бар поршеньді іштен жану қозғалтқышымен цилиндрлердің жұмыс көлемі 1500 см<sup>3</sup> артық, бірақ, 3000 см<sup>3</sup> артық емес көлік құралдары *78%* өсті.

Осы кезеңдегі негізгі экспорттаушы елдер: Ресей (*64%*), Өзбекстан (*16%*), Қырғызстан (*5,4%*), Беларусь (*4%*).

Машина жасау саласы өнімінің **импорты** 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда 2021 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе **21%** өсті және **19 872,6 млн АҚШ долл. құрады**. Импорт құрылысында негізгі үлесті телефон аппараттары (*тауар үлесі жалпы импорт көлемінде 8,1% құрады*), моторлы көлік құралдарына арналған шанақтар (*7,4%*), цилиндр көлемі 1500 см<sup>3</sup> артық, бірақ, 3000 см<sup>3</sup> (*6,5%*) артық емес іштен жану қозғалтқышымен көлік құралдары, 15 000 кг (*6,2%*) артық бос жабдықталған аппарат салмағымен ұшақтар және басқа да ұшу аппараттары.

Негізгі импорттаушы елдер: Қытай (*24,6%*), Ресей (*20,8%*), Оңтүстік Корея (*8,9%*), Жапония (*7,3%*).

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда ҚР машина жасау **нарығының көлемі 22 879,1 млн АҚШ долл. құрады**, онда, ОТӨ үлесі 13,1%, импорт өнім үлесі – 86,9%.

Сала Қостанай, Ақмола, Павлодар, Қарағанды облыстарында және Алматы және Астана қалаларында жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді.